

## Шалқар ауданы бойынша қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы

### *Күшін жойған*

Ақтөбе облысы Шалқар аудандық әкімдігінің 2012 жылғы 12 маусымдағы № 100 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 2 шілдеде № 3 -13-172 тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Шалқар аудандық әкімдігінің 2012 жылғы 27 желтоқсандағы № 242 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Шалқар аудандық әкімдігінің 2012.12.27 № 242 Қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31-бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 149 «Халықты жұмыспен қамту туралы» Заңының 7 бабының 5 тармақшасына және 20 бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы № 836 «Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» қаулысына сәйкес аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Шалқар ауданы бойынша жұмыссыздарды уақытша жұмыспен қамтуды ұйымдастыру үшін ұйымдардың тізбелері, қоғамдық жұмыстың түрлері, көлемі, нақты жағдайлары, қатысушылардың еңбегіне төленетін ақының мөлшері және оларды қаржыландыру көздері қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. «Шалқар аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесіне (Е.Шотанов) осы қаулының жүзеге асырылуын қамтамасыз етсін.

3. Қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Д. Қарашолақоваға жүктелсін

5. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2012 жылдың 1 ақпанынан бастап туындаған құқықтық қатынастарға таралады.

Аудан әкімі:

*Р. Сыдықов*

|         |             |       |           |
|---------|-------------|-------|-----------|
| Аудан   | әкімдігінің | 2012  | жылғы     |
| 12      | маусымдағы  | № 100 | қаулысына |
| қосымша |             |       |           |

**Қоғамдық жұмыстардың түрлері мен көлемі, оларды қаржыландыру көздері және қоғамдық жұмыстарды жүргізетін ұйымдардың тізбелері**

| №  | Мекемелер атауы       | Қоғамдық жұмыстардың түрлері (жобалар) | 1 адамға шарт бойынша жұмыстардың көлемі (болажам)(теңге) | Жоспар бойыншаі        |                                | Қаржыландыру көздері |
|----|-----------------------|----------------------------------------|-----------------------------------------------------------|------------------------|--------------------------------|----------------------|
|    |                       |                                        |                                                           | жұмыс орындарының саны | қарастырылған қаржы, мың теңге |                      |
| 1. | Аудан әкімді аппараты | «Іс-шараларды өткізуге көмек»          | 17439                                                     | 4                      | 418                            | жергілік т і бюджет  |
| 2. | Қала әкімі аппараты   | «Эколог»<br>«Абаттандыру»<br>«Санақ»   | 17439                                                     | 80                     | 4185                           | жергілік т і бюджет  |
| 3. |                       |                                        |                                                           |                        |                                |                      |
| 4. |                       |                                        |                                                           |                        |                                |                      |
| 5. |                       |                                        |                                                           |                        |                                |                      |
| 6. |                       |                                        |                                                           |                        |                                |                      |

|     |                                                                                                                                                                             |                                                                                                |       |    |      |          |
|-----|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------|-------|----|------|----------|
| 7.  | Айшуақ селолық округінің әкімі аппараты<br>Ақтоғай селолық округінің әкімі аппараты<br>Біршоғыр селолық округінің әкімі аппараты                                            |                                                                                                |       |    |      | жергілік |
| 8.  | Бозой селолық округінің әкімі аппараты<br>Е.Көтібарұлы селолық округінің әкімі аппараты                                                                                     | «Абаттандыру»<br>«Құрылыс бригадасы»<br>«Ауылшаруашылық жұмыстары»                             |       |    |      |          |
| 9.  | Жанақоныс селолық округінің әкімі аппараты<br>Қауылжыр селолық округінің әкімі аппараты<br>Кішіқұм селолық округінің әкімі аппараты                                         | «Жылыту маусымын-дағы жұмыстар, қысқы кезінде су құ-бырларының жұмыс істеуінің қамтамасыз ету» | 17439 | 20 | 2034 |          |
| 10. | Мөнке би селолық округінің әкімі аппараты<br>Тоғыз селолық округінің әкімі аппараты<br>Шалқар селолық округінің әкімі аппараты<br>Шетырғыз селолық округінің әкімі аппараты |                                                                                                |       |    |      |          |
| 11. |                                                                                                                                                                             |                                                                                                |       |    |      |          |
| 12. |                                                                                                                                                                             |                                                                                                |       |    |      |          |
| 13. |                                                                                                                                                                             |                                                                                                |       |    |      |          |
| 14. |                                                                                                                                                                             |                                                                                                |       |    |      |          |

|     |                                                                                  |               |       |    |      |                           |
|-----|----------------------------------------------------------------------------------|---------------|-------|----|------|---------------------------|
|     |                                                                                  |               |       |    |      | т і<br>бюджет             |
| 15. | «Аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ                | «Санақ»       | 17439 | 6  | 523  | жергілік<br>т і<br>бюджет |
| 16. | «Аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» ММ                               | «Жады»        | 17439 | 4  | 418  | жергілік<br>т і<br>бюджет |
| 17. | «Аудандық ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі» ММ                           | «Санақ»       | 17439 | 3  | 313  | жергілік<br>т і<br>бюджет |
| 18. | «Аудандық білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі» ММ                            | «Санақ»       | 17439 | 3  | 313  | жергілік<br>т і<br>бюджет |
| 19. | «Аудандық статистика бөлімі» ММ                                                  | «Санақ»       | 17439 | 3  | 313  | жергілік<br>т і<br>бюджет |
| 20. | «Аудандық ішкі істер бөлімі » ММ                                                 | «Сарбаз»      | 17439 | 15 | 1046 | жергілік<br>т і<br>бюджет |
| 21. | «Аудандық ішкі саясат бөлімі» ММ                                                 | «Санақ»       | 17439 | 2  | 209  | жергілік<br>т і<br>бюджет |
| 22. | «Аудандық қорғаныс істер бөлімі» ММ                                              | «Санақ»       | 17439 | 10 | 1046 | жергілік<br>т і<br>бюджет |
| 23. | «Аудандық салық басқармасы» ММ                                                   | «Санақ»       | 17439 | 5  | 523  | жергілік<br>т і<br>бюджет |
| 24. | «Аудандық жер қатынастары бөлімі» ММ                                             | «Санақ»       | 17439 | 2  | 209  | жергілік<br>т і<br>бюджет |
| 25. | «Аудандық санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау басқармасы» ММ                   | «Абаттандыру» | 17439 | 10 | 1046 | жергілік<br>т і<br>бюджет |
| 26. | «Шалқар станциясының санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау бөлімі » ММ           | «Абаттандыру» | 17439 | 10 | 1046 | жергілік<br>т і<br>бюджет |
| 27. | Шалқар стансасы желелік ИБ                                                       | «Сарбаз»      | 17439 | 2  | 209  | жергілік<br>т і<br>бюджет |
| 28. | Аудандық ардагерлер кеңесі                                                       | «Санақ»       | 17439 | 2  | 209  | жергілік<br>т і<br>бюджет |
| 29. | «Ақтөбе облысы сот актілерін орындау департаменті» ММ-нің Шалқар аумақтық бөлімі | «Санақ»       | 17439 | 3  | 313  | жергілік<br>т і<br>бюджет |
|     |                                                                                  |               |       |    |      |                           |

|          |                                                                                                            |         |       |     |         |                           |
|----------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------|-------|-----|---------|---------------------------|
| 30.      | «Аудандық зейнетақы орталығы»<br>ММ                                                                        | «Санак» | 17439 | 4   | 418     | жергілік<br>т і<br>бюджет |
| 31.      | « Н ұ р                      О т а н »<br>халықтық-демократиялық<br>партиясының Шалқар аудандық<br>филиалы | «Санак» | 17439 | 2   | 209     | жергілік<br>т і<br>бюджет |
| Барлығы: |                                                                                                            |         |       | 190 | 15000,0 |                           |

## Қоғамдық жұмыстардың түрлері

### 1 .                      « Қ ұ р ы л ы с                      б р и г а д а с ы »

Инженерлік желісін, су мен газ құбырын, канализация өткізу, мектептерді, балабақшаларды, ауруханаларды, құрылыстық өңдеу және басқа да бюджеттік саласындағы объектілерді жөндеу жұмыстарды жүргізу.

Аяқталмаған, жартылай құлап жатқан құрылыстарының мәселелерін шешу.

### 2 .                      « А б а т т а н д ы р у »

Аулаларды, саябақтарды, елді мекендерді абаттандыру көгалдандыру екпелерді, гүлзарларды отырғызу және күтім жасау. Спорттық және балдарға ойын үшін арналған алаңдарын ұйымдастыру.

### 3 .                      «    А у ы л ш а р у а ш ы л ы қ    ж ұ м ы с т а р ы »

Малдарды бірдейлендіру жұмыстарын өткізуге көмек көрсету

### 4 .                      «    С а н а қ    »

Республикалық, аумақтық науқандарды және салық төлемдерді жинауды ( әр-түрлі санақ, әскерге шақырту, зейнетақыларды және жәрдемақыларды қайта есептеу) ұйымдастыру жұмыстарына көмек көрсету.

### 5 .                      «Іс-шараларды өткізуге көмектесу»

Мәдениет мақсатындағы іс-шараларды (спорттық жарыстарды, халықтық мейрамдарды) ұйымдастыру кезінде көмек көрсету.

### 6 .                      «    Э к о л о г    »

Тұрмыстық қалдықтарды жоюға және жоюын ұйымдастыруға көмек көрсету.

### 7 .                      « М а у с ы м д ы қ                      ж ұ м ы с т а р »

Жылыту маусымындағы жұмыстар, қысқы кезінде су құбырларының жұмыс істеуінің қамтамасыз ету .

### 8 .                      «    С а р б а з    »

Қоғамдық тәртіпті сақтау. Елді мекендерде қоғамдық тәртіпті қорғау бойынша көмек көрсету .

### 9 .                      «    Ж а д ы    »

Мәдени және тарихи ескерткіштерді қорғау және күтуін жасау.

Қоғамдық жұмыстардың нақты шарттары.

Аптасында - 5 жұмыс күн, күніне – 8 сағат, түскі ас - 1 сағат жұмыс уақытын

кұрайды. Жалақы жұмыссыздың жеке шотына аудару арқылы, жұмыс істеу уақыты табелінде көрсетілген жұмыс істеу уақытына ғана төленеді.

Еңбек сақтау және техникалық қауіпсіздігі нұсқамалық, арнаулы киіммен, құралымен және құрал жабдығымен қамтамасыз ету Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес жүргізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК